

Батыс Қазақстан облысы бойынша тексеру комиссиясы



Батыс Қазақстан облысының Құрылыс басқармасы қызметінің тиімділігіне жүргізілген мемлекеттік аудиторлық іс-шараның нәтижелері бойынша АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ

**Орал қаласы
2024 жыл**

Аудиторлық қорытынды

I. Кіріспе бөлік

1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы: Батыс Қазақстан облысының құрылыс басқармасы қызметінің тиімділігіне жүргізілген мемлекеттік аудиторлық іс-шара.

1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты: бюджет қаражаты мен мемлекет активтерін пайдалану кезінде, оған жүктелген міндеттер мен функцияларға сәйкес мемлекеттік органның қызметін және Қазақстан Республикасы заңнамаларының сақталуын бағалау.

1.3. Мемлекеттік аудиттің объектілері: «Батыс Қазақстан облысының құрылыс басқармасы» ММ-і (бұдан әрі – Құрылыс басқармасы), «Орал қаласының құрылыс бөлімі» ММ-і (бұдан әрі – Орал қаласының құрылыс бөлімі), «Бәйтерек ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі» ММ-і (бұдан әрі – Бәйтерек ауданының құрылыс бөлімі), «Ақжайық ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі» ММ-і (бұдан әрі – Ақжайық ауданының құрылыс бөлімі), «Бөрлі ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі» ММ-і (бұдан әрі – Бөрлі ауданының құрылыс бөлімі), «Сырым ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі» ММ-і (бұдан әрі – Сырым ауданының құрылыс бөлімі).

1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең: 2022 жылдың 1 қаңтарынан 2024 жылдың 31 мамыр аралығы.

II. Негізгі (талдамалық) бөлік

2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау.

«Батыс Қазақстан облысының құрылыс басқармасы» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылыс, сәулет және қала құрылысы саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

«Батыс Қазақстан облысының құрылыс басқармасы» мемлекеттік мекемесінің ведомстволары жоқ.

Басқарма құрылымы:

Басшылық;

Әкімшілік жұмыстары және мемлекеттік сатып алулар бөлімі;

Сәулет, қала құрылысы және жобалау-сметалық құжаттамалары бөлімі;

Құрылыс және инфрақұрылымдық даму бөлімі;

Қаржы-экономикалық бөлімі.

Ағымдағы жылы «Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамытудың тұжырымдамасы» шеңберінде жергілікті атқарушы орган кезегінде тұрғандар үшін 10 көппәтерлі тұрғын үй немесе 1 412 пәтер (Орал қ. №42 және Ақжайық

ш/ауданындағы 12 ш/а. №1, 4 ш / а. №2, 3, 4, 5, 9, Ақсай қ. № 26, 27, 39) және АЕМ-де 39 тұрғын үй немесе 470 пәтер (33 кредиттік тұрғын үй (Токпай ауылында 20 т/үй, Подстепное ауылында 13 т/үй, барлығы - 348 пәтер) және 6 жалға берілетін тұрғын үй (Теректі ауданы-5 үй, Ақжайық ауданы-1 үй, барлығы-122 пәтер) құрылысы қарастырылған, барлығы 1 882 пәтер.

Ағымдағы жылы тұрғын үйлер құрылысына және сатып алуға 33,5 млрд. теңге қарастырылуда (бағалы қағаздар шығару есебінен – 23,1 млрд. теңге, РБ – 2,9 млрд. теңге, ЖБ – 7,5 млрд. теңге).

Облыс үшін 2024 жылға тұрғын үйді пайдалануға беру жоспары 633 мың ш.м. құрайды.

Барлығы жылдың қорытындысы бойынша бюджет қаражаты есебінен 1 998 пәтерді қолданысқа беру жоспарлануда, оның ішінде:

- сатып алу – 758 пәтер,
- құрылыс – 1 240 пәтер.

Оның ішінде ағымдағы жылы халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғынжайын сатып алуға РБ есебінен 2,9 млрд. теңге, ЖБ есебінен 1,2 млрд. теңге қарастырылып, облыс бойынша 229 пәтер сатып алу көзделген.

Сонымен қатар ағымдағы жылы облысқа мемлекеттік бағалы қағаздар шығару есебінен халықтың әлеуметтік жағынан осал топтары үшін 529 пәтер сатып алуға 8,2 млрд. теңге бөлінді.


Батыс Қазақстан облысы бойынша «ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы шеңберінде 2025 жылға дейін ауылдық елді мекендерде 50 алғашқы медициналық-санитарлық көмек нысандарын салу жоспарлануда.

Оның ішінде 2023 жылы 12 мед. объект аяқталып, пайдалануға берілді (4а, 8 ФАП). 2 нысан бойынша (Жаңақала ауданы Маштексай ауылы, Сырым ауданы Бұлдырты ауылы) жергілікті бюджет қаражаты есебінен құрылыс басталды. 2024 жылға арналған жоспар - 38 медициналық нысан, оның ішінде 36 мед. объектілерге сараптаманың оң қорытындысы алынды. 18 мед. объект құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізуге объектілерге РБ есебінен 2,1 млрд. теңге, ЖБ 650 млн. теңгеден бөлінді. 11 жоба бойынша мердігерлік ұйымдар анықталып, құрылыс-монтаж жұмыстары басталды. 24 жоба бойынша мердігерлік ұйымдарды анықтауға конкурстық рәсімдер жүргізілуде.

Өз кезегінде 36 мед.объектіге арналған сыртқы инженерлік желілерді жүргізу үшін ЖСҚ әзірленді. Қазіргі уақытта 10 жоба бойынша оң сараптама қорытындысы алынып, мердігерлер анықталды.

2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері.

Мемлекеттік аудитпен жалпы сомасы 47 457 019,3 мың теңге бюджет қаражатымен 6 объект қамтылды, оның ішінде үстеме тексеріспен 5 объект қамтылды, нәтижесінде объектілер бойынша келесі анықталды.



Аудиторлық іс-шара бөлінген бюджет қаражатын және мемлекеттік активтерін пайдалануды нәтижелілік, тиімділік және мәнділік көрсеткіштеріне сәйкес жүргізілді.

Аудитпен Қазақстан Республикасы заңнамасы нормаларының жалпы сомасы **31 852 952,1 мың теңге** бұзушылықтары анықталды, соның ішінде:

- 1) қаржылық бұзушылықтар 14 077 240,0 мың теңге;
 - 2) бюджет қаражатын, активтерді тиімсіз пайдалану 15 629 084,3 мың теңге;
 - 3) бюджет қаражатын, активтерді тиімсіз жоспарлау 2 146 627,8 мың теңге;
- Сонымен қатар, 14 бірлік рәсімдік бұзушылықтары анықталды.

Қаржылық бұзушылықтар ішінде өтелуге жататыны 92 064,7 мың теңге, жұмыстармен (есепке алумен) қалпына келтіруге жататыны 13 985 175,3 мың теңге.

Аудит барысында 7 644,8 мың теңге қалпына келтірілді. Әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар 6 факт бойынша материалдар әкімшілік іс жүргізуді қозғау үшін уәкілетті органдарға жолданды.

Анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктерге ықпал еткен негізгі себептер бюджет, құрылыс қызметі саласындағы, мемлекеттік сатып алуды реттейтін заңнамаларының және басқа да нормативтік құқықтық актілер саласындағы заңнаманың тиісінше сақталмауынан. Атап айтқанда:

1. Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV Бюджет Кодексінің 97-бабының 6-тармағын, Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 19 наурыздағы №229 бұйрығымен бекітілген Тапсырыс берушінің (құрылыс салушының) қызметін ұйымдастыру және функцияларын жүзеге асыру қағидаларының 12-тармағының 2)-тармақшасын бұза отырып, Тапсырыс берушілер (мемлекеттік мекемелер) орындалған жұмыстарға жалпы құны **248 888,1 мың теңгеге** ақы төлеу кезінде орындалған жұмыстардың растаудың дұрыстығын және орындалған жұмыстар көлемін, бағаның негізділігін қамтамасыз етпеді.

Бәйтерек ауданының құрылыс бөлімі 2022 жылғы 30 маусымындағы № 40/2022 мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша «БҚО Бәйтерек ауданы Жаңатан ауылында су құбырын салу» жұмыстарын орындау барысында «КазЕвроСтрой» ЖШС-не жұмыстарға ақы төлеу кезінде құны 8 316,1 мың теңгені құрайтын орындалған жұмыстардың растаудың дұрыстығын және орындалған жұмыстар көлемін, бағаның негізділігін қамтамасыз етпеді, 2023 жылғы 14 сәуірдегі № 13/2023 мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша «БҚО Бәйтерек ауданы Красноармейское ауылында су құбырларын салу» жұмыстарын орындау барысында «Engineering and construction group» ЖШС-не жұмыстарға ақы төлеу кезінде құны 76 929,7 мың теңгені құрайтын орындалған жұмыстардың растаудың дұрыстығын және орындалған жұмыстар көлемін, бағаның негізділігін қамтамасыз етпеді, 2023 жылғы 6 сәуірдегі № 20/2023 мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша «БҚО Бәйтерек ауданы Чеботарево ауылында су құбырларын салу» жұмыстарын орындау барысында «Engineering and construction group» ЖШС-не жұмыстарға ақы төлеу кезінде құны 64 760,0 мың теңгені құрайтын орындалған жұмыстардың растаудың

дұрыстығын және орындалған жұмыстар көлемін, бағаның негізділігін қамтамасыз етпеді, **Орал қаласының құрылыс бөлімі** 2021 жылғы 3 шілдесіндегі № 41 мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша «Орал қаласының солтүстік-шығыс бөлігін сумен жабдықтауға арналған көтергіш сорғы станциясын салу» жұмыстарын орындау барысында «Көлсай Строй» ЖШС-не жұмыстарға ақы төлеу кезінде құны 3 108,2 мың теңгені құрайтын орындалған жұмыстардың растаудың дұрыстығын қамтамасыз етпеді, аталған құрылыс объекті бойынша авторлық қадағалау қызметі үшін 2021 жылғы 3 шілдедегі №42 мемлекеттік сатып алу туралы шарт негізінде «Smartech» ЖШС-не 479,4 мың теңге, техникалық қадағалау қызметі үшін 2021 жылғы 28 мамырдағы №32 мемлекеттік сатып алу туралы шарт негізінде «Музтау» ЖШС-не 1 320,9 мың теңге, авторлық және техникалық қадағалау үшін жалпы 1 800,3 мың теңге құрайтын көрсетілген қызметті растаудың дұрыстығын қамтамасыз етпеді, 2022 жылғы 7 қазандағы № 43 мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша «Орал қаласы Самал-3 ш/а, Самал-2 ш/а, Самал, ш/а кәріз желілерінің құрылысы» жұмыстарын орындау барысында «Жайық Сити» ЖШС-не жұмыстарға ақы төлеу кезінде құны 70 000,0 мың теңгені құрайтын орындалған жұмыстардың растаудың дұрыстығын және орындалған жұмыстар көлемін, бағаның негізділігін қамтамасыз етпеді (авторлық және техникалық қадағалау үшін 1,8 мың теңге құрайтын орындалған жұмыстардың растаудың дұрыстығын және орындалған жұмыстар көлемін, бағаның негізділігін қамтамасыз етпеді), **Бөрлі ауданының құрылыс бөлімі** 2020 жылғы 23 шілдедегі № 54-20 мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша «БҚО, Ақсай қаласындағы Қарашығанақ-1 ықшамауданында 9 қабатты көппәтерлі тұрғын үй салу (39 белгі, сыртқы инженерлік желілерсіз)» жұмыстарын орындау барысында «Жиенбай» ЖШС-не жұмыстарға ақы төлеу кезінде құны 12 647,7 мың теңгені құрайтын орындалған жұмыстардың растаудың дұрыстығын және орындалған жұмыстар көлемін, бағаның негізділігін қамтамасыз етпеді, **Сырым ауданының құрылыс бөлімі** 2022 жылғы 21 қарашадағы № 107 мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша «БҚО Сырым ауданы, Көгеріс ауылындағы су құбырының құрылысы» жұмыстарын орындау барысында «Life Stroy Invest» ЖШС-не жұмыстарға ақы төлеу кезінде құны 2 831,2 мың теңгені құрайтын орындалған жұмыстардың растаудың дұрыстығын қамтамасыз етпеді (аудит барысында қалпына келтірілген), **Құрылыс басқармасында Бәйтерек ауданы бойынша** 2022 жылғы 13 шілдедегі №47/2022 мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша «БҚО Бәйтерек ауданы Переметное ауылында екі қабатты екі үйдің құрылысы (инфрақұрылым және абаттандыру)» жұмыстарын орындау барысында «Корпорация Алем-құрылыс» ЖШС-не 8 494,9 мың теңге аванс төленіп, шарттың қолданылу мерзімі аяқталып орындалған жұмыстардың растаудың дұрыстығын қамтамасыз етпеді.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы № 393 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларының 272 тармағын және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 15 маусымдағы № 281 бұйрығымен бекітілген

Мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есепке алу шоттарының жоспарының 17 тармағын бұза отырып, мемлекеттік мекемелер аяқталған және пайдалануға берілген құрылыс объектілері қабылдау актілері негізінде оларға кеткен шығындар толық сомада көрсетіліп, ұзақ мерзімді активтерді есепке алу шотына жалпы 13 764 775,0 мың теңге сомасы жатқызылмаған.

Құрылыс басқармасы аяқталған және пайдалануға берілген құрылыс объектілері қабылдау актілері негізінде оларға кеткен шығындар толық сомада көрсетіліп, ұзақ мерзімді активтерді есепке алу шотына жалпы 7 630 708,1 мың теңге сомасы жатқызылмаған, Орал қаласының құрылыс бөлімі аяқталған және пайдалануға берілген құрылыс объектілері қабылдау актілері негізінде оларға кеткен шығындар толық сомада көрсетіліп, ұзақ мерзімді активтерді есепке алу шотына жалпы 6 134 066,9 мың теңге сомасы жатқызылмаған.

3. Қазақстан Республикасының Салық кодексінің 367-бабының 1-тармақшасы бұза отырып, **Бөрлі ауданының құрылыс бөлімі 2021 жылғы 1 қарашасындағы №64-2021 келісім шарт сомасына 148,9 мың теңге қосымша құн салығын негізсіз қосылған, Орал қаласының құрылыс бөлімі 2023 жылғы 19 мамырдағы №16 шарт бойынша орындаушы қосымша құн салығы бойынша есептен шығуына байланысты шарт 2 206,4 мың теңге сомасына азайтылмаған.**

4. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 272-бабын бұза отырып, Мердігерлер (Өнім берушілер) жұмыс көлемінің жалпы сомасы **4 813,6 мың теңгеге** орындалмау фактілері немесе тиісті түрде орындалмау фактілері анықталды.

Бөрлі ауданының құрылыс бөлімінде жоғарыда аталған бұзушылыққа қоса «БҚО, Бөрлі ауданы, Ақбұлақ ауылындағы бір қабатты бір пәтерлі 6 тұрғын үйдің құрылысы» нысаны бойынша 2023 жылдың 23 маусымдағы №20 мемлекеттік сатып алу шартының 4.1- тармағының 1) – тармақшасын бұза «НазТур» ЖШС-гі 634,8 мың теңгеге жұмысы орындалмаған (аудит барысында қалпына келтірілген), «БҚО, Бөрлі ауданы, Пугачев ауылындағы бір қабатты бір пәтерлі 6 тұрғын үйдің құрылысы» нысаны бойынша 2023 жылдың 23 маусымдағы №21 мемлекеттік сатып алу шартының 4.1- тармағының 1) – тармақшасын бұза «НазТур» ЖШС-гі 751,0 мың теңгеге жұмысы орындалмаған (аудит барысында қалпына келтірілген), Ақжайық ауданының құрылыс бөлімінде жоғарыда аталған бұзушылыққа қоса «БҚО, Ақжайық ауданы, Чапаево вуылындағы 3 қабатты 24 пәтерлік екі тұрғын үйдің құрылысы (түзету)» нысаны бойынша 2021 жылғы 14 маусымдағы №52 мемлекеттік сатып алу шартының 4.1- тармағының 1) – тармақшасын бұза «BRAT.M» ЖШС-гі 3 427,8 мың теңгеге жұмыс орындалмаған (аудит барысында қалпына келтірілген).

5. Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі №242 «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Заңының 34-3-бабының 2-тармағының 1)-тармақшасын бұза отырып, Мердігерлер (Өнім берушілер) сатып алынған жабдықтары және жасалған жұмысы жалпы сомасы 45 193,5 мың теңгеге тапсырыс берушімен бекітілген жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасына сәйкес келмейді.

Сырым ауданының құрылыс бөлімінде жоғарыда аталған бұзушылыққа қоса «БҚО Сырым ауданы, Көздікара ауылында су құбырының құрылысы» нысаны бойынша 2022 жылдың 11 шілдедегі №70 мемлекеттік сатып алу шартының 4.1-тармағының 1) тармақшасы бұзылып «АрАй-НС» ЖШС-гі 16 140,0 мың теңгеге жасалған жұмысы жобалық сметалық құжаттамаға сәйкес келмейді, Ақжайық ауданының құрылыс бөлімінде жоғарыда аталған бұзушылыққа қоса «БҚО, Ақжайық ауданы, Чапаев ауылының су құбырын реконструкциялау» нысаны бойынша 2022 жылдың 28 наурыздағы №18 шартының 4.1-тармағының 1) тармақшасы бұзылып «Таир» ЖШС-гі 29 053,5 мың теңгеге сатып алынған жабдықтары жобалық сметалық құжаттамаға сәйкес келмейді.

6. Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы № 95-IV Бюджет Кодексінің 97 бабының 7-тармағын бұза отырып, **Бөрлі ауданының құрылыс бөлімі «Теплоэнергострой» ЖШС-нің 2021 жылғы 9 қарашадағы №68-2021 келісім шартпен (2024 жылға іс-әрекеті тоқтаған) қалыптасқан 11 214,5 мың теңге дебиторлық берешегі бюджетке өтелмеген.**

7. Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV Бюджет Кодексінің 4-бабының 12), 13) тармақтары және Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 6-бабының 4) тармақшасында көрсетілген қағидаттары бұзыла отырып, мемлекеттік мекемелер 13 771 830 мың теңге активтерді және мемлекеттік меншікті тиімсіз басқару болып табылады.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV Бюджет Кодексінің 104-1 бабына сәйкес, бюджеттік бағдарламалардың тиісті әкімшісінің балансында есепте тұрмайтын объектілерді күтіп-ұстауға арналған бюджет қаражатын жұмсай алмайтынын, жұмсай қалған жағдайда Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 234-1 бабына сәйкес, әкімшілік жауапкершілікке тартылатынын ескере отырып, Құрылыс басқармасында жалпы сомасы 7 630 708,1 мың теңгенің 2022-2023 жылдары пайдалануға қабылданған, алайда пайдаланушы ұйымдарға берілмеген объектілер мемлекеттік мүліктерді тиімсіз басқару болып табылады.

Сонымен қатар, **Құрылыс басқармасы 7 055,0 мың теңгеге 2022 жылдан бері материалдық емес активтер орнатылмаған және мақсатына сай пайдаланылмаған, яғни активтерді тиімсіз пайдалану болып табылады, Орал қаласының құрылыс бөлімі 2023 жылы пайдалануға қабылданған объектілер, пайдаланушы ұйымдарға берілмеген жалпы сомасы 6 134 066,9 мың теңгенің тұрғын үйлеріне тұрғындар қоныстанбағандықтан мемлекеттік меншікті тиімсіз басқару болып табылады.**

8. Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV Бюджет Кодексінің 4-бабының 10) және 12) тармақтары бұзыла отырып, мемлекеттік мекемелер 1 557 266,3 мың теңгеге қаржыландырудың жеке жоспарларына сәйкес қабылданған мемлекеттік мекеменің міндеттері толығымен орындалмаған және белгіленген мерзімде (жылдарда) қаралған тікелей және түпкілікті нәтижелерге қол жеткізбеген.

Сырым ауданының құрылыс бөлімі «БҚО, Сырым ауданы Алғабас, Қарағанда ауылындағы су құбыры құрылысы» нысаны бойынша 172 617,1 мың теңге қаржыландырудың жеке жоспарларына сәйкес қабылданған мемлекеттік мекеменің міндеттері толығымен орындалмаған және белгіленген мерзімде (жылдарда) қаралған тікелей және түпкілікті нәтижелерге қол жеткізбеген, **Ақжайық ауданының құрылыс бөлімі** «БҚО Ақжайық ауданы Тінәлі ауылына су құбырының құрылысы», «БҚО, Ақжайық ауданы Бударин ауылындағы мәдениет үйі ғимаратын қайта жаңарту» және «БҚО, Ақжайық ауданы, Ақсуат кентіндегі ауылдық мәдениет үйі ғимаратын қайта жаңарту» нысандары бойынша 139 954,5 мың теңгеге қаржыландырудың жеке жоспарларына сәйкес қабылданған мемлекеттік мекеменің міндеттері толығымен орындалмаған және сол жылдарға қаралған тікелей нәтижелерге қол жеткізбеген, **Бөрлі ауданының құрылыс бөлімі** «БҚО, Бөрі ауданы, Ақсай қ. 4 автокөлікке арналған өрт сөндіру депосының құрылысы», «БҚО, Бөрлі ауданы, Ақсай қаласы, 10-ықшам аудандағы 9 қабатты көп пәтерлі тұрғын үйге қазандық орната отырып, үй маңы аумағын салу және абаттандыру (39-белгі)» және «БҚО, Ақсай қаласындағы Қарашығанақ-1 ықшамауданында 9 қабатты көппәтерлі тұрғын үй салу (39 белгі, сыртқы инженерлік желілерсіз)» нысандары бойынша 167 979,4 мың теңгеге қаржыландырудың жеке жоспарларына сәйкес қабылданған мемлекеттік мекеменің міндеттері толығымен орындалмаған және сол жылдарға қаралған тікелей нәтижелерге қол жеткізбеген, **Бәйтерек ауданының құрылыс бөлімі** Жаңатан, Красноармейское, Чеботарево және Январцево ауылдарының тұрғындарын ауыз сумен қамтамасыз ету бөлігінде сумен жабдықтау желілерін пайдалануға беру және халықтың өмір сүру сапасын арттыру бойынша 1 076 715,3 мың теңге сомасына тікелей және түпкілікті нәтижелерге қол жеткізбеген.

9. Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV Бюджет Кодексінің 4-бабының 6), 10) және 12) тармақтарында қарастырылған бюджет жүйесінің нәтижелілік, негізділік, тиімділік қағидаттарын бұза отырып, Орал қаласының құрылыс бөлімі «БҚО Орал қ. Орал-Атырау, Орал-Саратов трассалары арасындағы көпқабатты құрылыстың 26-белгі, 27-белгі инженерлік желілерін жеткізу және абаттандыру» жобасы аяқталмаған болып табылады, осы жобаны іске асыруға 2023-2024 жылдар кезеңінде жыл сайын 182 136,0 мың теңге сомасында бюджет қаражаты бөлініп игерілмеген, «Орал қаласы Самал-3 ш/а, Самал-2 ш/а, Самал, ш/а кәріз желілерінің құрылысы» жобаны әзірлеу және оны іске асыру бойынша 78 734,0 мың теңге сомасына бюджет қаражатын тиімсіз пайдаланды.

10. Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV Бюджет Кодексінің 4-бабының 8) және 9) тармағында қарастырылған бюджет жүйесінің сабақтастық және негізділік қағидаттары бұзыла отырып, мемлекеттік мекемелер 2 073 212,1 мың теңгеге бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлауға алып келген.

Құрылыс басқармасында Бәйтерек ауданы бойынша 2022 жылы «БҚО, Дарьинск, Махамбет, Үлкен Шаған, Переметное, Трекино, Достық ауылдарында 12 тұрғын үй салу» жобалық-сметалық құжаттамаларын әзірлеу үшін 39 118,0 мың

теңге шығындалғаны анықталды, осы Бәйтерек ауданының тұрғын үйлерін салу жөніндегі жобалар 2022-2024 жылдардағы есепті кезеңдерде қолдау таппады, сондықтан «Бәйтерек ауданында инфрақұрылым салу және тұрғын үйлерді абаттандыру» жобаларын іске асыруына бөлінген 179 858,0 мың теңге бюджет қаражаты игерілмеген, сондықтан жалпы сомасы 218 976, мың теңге тиімсіз жоспарлаған, сонымен қатар аталған бұзушылыққа қоса Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 24 қарашадағы № 511 бұйрығымен бекітілген Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларының 2 және 3-тармақтарын бұза отырып 2023 жылы бөлінген бюджет қаражатына жалпы сомасы 540 419,0 мың теңге шығыстар қажеттілігіне негіздеме жоқ, өйткені бюджеттік өтінімге қоса берілген жобалар 2021-2022 жылдары пайдалануға берілген болатын сол себептен 540 419,0 мың теңге тиімсіз жоспарланған, **Орал қаласының құрылыс бөлімі** «БҚО, Орал қаласындағы №42 белгі көппәтерлі тұрғын үй құрылысы» (сыртқы инженерлік желілерсіз және абаттандырусыз) нысаны бойынша сметалық құжаттамаға түзету жүргізіліп, жобаның құнын ұлғайтуды қарау жөніндегі тиісті бюджеттік комиссияның қорытындысыз жоба 1 172 767,3 мың теңгеге ұлғайтылып тиімсіз жоспарлауға алып келген, **Ақжайық ауданының құрылыс бөлімі** саманнан салынған қабырғалардың құлауына байланысты «БҚО Ақжайық ауданы, Ақсуат кентіндегі ауылдық мәдениет үйі ғимаратын қайта жаңарту» нысаны жобасының жұмысын орындау мүмкіндігі болмаған, бұл одан әрі бюджет қаражатын 95 678,8 мың теңгеге тиімсіз жоспарлауға және ҚР Ұлттық қорынан қаражатты негізсіз бөлуге алып келген, **Сырым ауданының құрылыс бөлімі** «БҚО Сырым ауданының Алғабас және Қарағанды ауылдырындағы су құбырының құрылысы» нысаны жұмысының жобалық сметалық құжаттамасы негізсіз 45 371,0 мың теңгеге артық көрсетілген, бұл одан әрі бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлауға және ҚР Ұлттық қорынан қаражатты негізсіз бөлуге алып келген.

11. Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV Бюджет Кодексінің 4-бабының 6), 9) және 12) тармағында қарастырылған бюджет жүйесінің нәтижелілік, негізділік және тиімділік қағидаттары бұзыла отырып, Орал қаласының құрылыс бөлімі 112 533,7 мың теңгеге «Орал қаласы Самал-3 ш/а, Самал-2 ш/а, Самал, ш/а кәріз желілерінің құрылысы» жобасын бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлаған.

12. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12-бабының 4-тармағын бұза отырып, Тапсырыс беруші Орал қаласының құрылыс бөлімі 2021 жылғы 3 шілдедегі №41 мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша «Көлсай Строй» ЖШС өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған үшін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен белгіленген мерзімде сотқа жүгінбеген.

Аталған бұзушылық үшін «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V Заңының 207-бабының 10-бөлігімен әкімшілік жауапкершілік көзделген.

13. Мемлекеттік мекемелер Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 298-бабында, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 43-бабының 24-тармағы және мемлекеттік сатып алу шарттарының 8.3-тармағында көрсетілген тұрақсыздық айыбын ұстап қалу (өндіріп алу) бөлігінде шаралар қамтамасыз етілмеген.

Бәйтерек ауданының құрылыс бөлімі «КазЕвроСтрой» ЖШС-нен 2022 жылғы 30 маусымдағы №40 шарттың 8.3-тармағында көрсетілген тұрақсыздық айыбын ұстап қалу (өндіріп алу) бөлігінде шаралар жалпы сомасы 6 271,23 мың теңгеге қамтамасыз етілмеген, «Engineering and construction group» ЖШС-нен 2023 жылғы 14 сәуірдегі №13 шарттың 8.3-тармағында көрсетілген тұрақсыздық айыбын ұстап қалу (өндіріп алу) бөлігінде шаралар жалпы сомасы 23 043,98 мың теңгеге қамтамасыз етілмеген, «Engineering and construction group» ЖШС-нен 2023 жылғы 6 сәуірдегі №20 шарттың 8.3-тармағында көрсетілген тұрақсыздық айыбын ұстап қалу (өндіріп алу) бөлігінде шаралар жалпы сомасы 25 994,61 мың теңгеге қамтамасыз етілмеген, «ДАНЕКЕР» ЖШС-нен 2021 жылғы 22 сәуірдегі №15 шарттың 8.3-тармағында көрсетілген тұрақсыздық айыбын ұстап қалу (өндіріп алу) бөлігінде шаралар жалпы сомасы 39 097,17 мың теңгеге қамтамасыз етілмеген, Бөрлі ауданының құрылыс бөлімі «Жиенбай» ЖШС-нен 2020 жылғы 23 шілдесіндегі №54-20 шартының 8.3- тармағында көрсетілген тұрақсыздық айыбын ұстап қалу (өндіріп алу) бөлігінде шаралар жалпы тұрақсыздық айыбы 215 102,7 мың теңгеге қамтамасыз етілмеген, Орал қаласының құрылыс бөлімі «Көлсай Строй» ЖШС-нен 2021 жылғы 3 шілдесіндегі №41 шарттың 8.3-тармағында көрсетілген тұрақсыздық айыбын ұстап қалу (өндіріп алу) бөлігінде шаралар жалпы сомасы 1 870,3 мың теңгеге қамтамасыз етілмеген.

14. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 670-бабының 1) тармақшасын, 2019 жылғы 24 ақпандағы №3 шарттың 4.1-тармақтың 1) тармақшасын бұза отырып, Орал қаласының құрылыс бөлімінде жобалаушы «DAB LTD» ЖШС-гі 7 200,0 мың теңгеге іздестіру жұмыстарын жобалау және орындау бойынша жұмыстарды сапалы орындаған жоқ, нәтижесінде «Орал қаласы Самал-3 ш/а, Самал-2 ш/а, Самал, ш/а кәріз желілерінің құрылысы» жобаны жүзеге асыру мүмкіндігі болмады.

15. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 540 бұйрығымен бекітілген Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесінің 238-тармағын бұза отырып, Орал қаласының құрылыс бөлімінің бухгалтерлік қызметі 2022-2023 жылдар кезеңінде «Қазынашылық-Клиент» жүйесі арқылы төлемдер жүргізу кезінде жеткізушілерге орындалған құрылыс жұмыстарының актілерін тіркеместен төлемге электрондық шоттар бойынша жұмыстар салу бойынша ақы төлеуді жүзеге асырды.

16. Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі №242 «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Заңының 34-3-бабының 2-тармағының 1)-тармақшасын және 2022 жылдың 11 шілде айындағы №70 шартының 5- тармағын бұза отырып, Сырым ауданының құрылыс бөлімі сметалық құжаттамада қаралмаған жұмыстарды қабылдаған.

17. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 3 ақпандағы № 71 бұйрығымен бекітілген Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында инжинирингтік қызметтер көрсету қағидаларының 27-1, 28, 29, 30-тармақтары және 2022 жылдың 11 шілде айындағы №69 шартының 3.1-тармағының 1)-тармақшасы бұза отырып, «БҚО Сырым ауданы, Көздікара ауылына су құбырының құрылысы» жобасын іске асыру кезінде авторлық қадағалау қызметін «MS Engineering Construction» ЖШС-гі тиісінше орындамаған, яғни орындалған жұмыстардың құрылыс жобасына сәйкестігін тексермеген (сәйкестендірмеген), нәтижесінде бақылау өлшем қорытындысымен жалпы сомасы 16 140,0 мың теңгенің орындалған жұмысы жобалық сметалық құжаттамаға сәйкес еместігі анықталды.

Аталған бұзушылық үшін «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V Заңының 317-1-бабының 1-бөлігімен әкімшілік жауапкершілік көзделген.

18. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 3 ақпандағы № 71 бұйрығымен бекітілген Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында инжинирингтік қызметтер көрсету қағидаларының 10-тармағының 8)-тармақшасын және 2022 жылдың 24 маусым айындағы №67 шартының 3.1-тармағының 1)-тармақшасын бұза отырып, «БҚО Сырым ауданы, Көздікара ауылына су құбырының құрылысы» жобасын іске асыру кезінде техникалық қадағалау қызметін «Алатау сапа құрылыс» ЖШС-гі тиісінше орындамаған, яғни орындалған жұмыстардың құрылыс жобасына сәйкестігін тексермеген (сәйкестендірмеген), нәтижесінде бақылау өлшем қорытындысымен жалпы сомасы 16 140,0 мың теңгенің орындалған жұмысы жобалық сметалық құжаттамаға сәйкес еместігі анықталды.

Аталған бұзушылық үшін «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V Заңының 317-1-бабының 1-бөлігімен әкімшілік жауапкершілік көзделген.

19. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 3 ақпандағы № 71 бұйрығымен бекітілген Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында инжинирингтік қызметтер көрсету қағидаларының 10-тармағының 8)-тармақшасын және 2020 жылдың 11 шілде айындағы №47-20 шарттың 3.1-тармағының 1) – тармақшасы бұзылып, техникалық қадағалаушы «Инжиниринговая компания по организации строительного производства» ЖСШ-гі «БҚО, Ақсай қаласындағы Қарашығанақ-1 ықшамауданында 9 қабатты көппәтерлі тұрғын үй салу (39 белгі, сыртқы инженерлік желілерсіз)» жұмысы барысына техникалық қадағалау бойынша инжинирингтік қызметін тиісінше орындамаған, нәтижесінде бақылау өлшем қорытындысымен жалпы сомасы 12 647,7 мың теңгеге жұмыс көлемінің орындалмағаны анықталды.

Аталған бұзушылық үшін «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V Заңының 317-бабының 3-бөлігімен әкімшілік жауапкершілік көзделген.

20. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 43-бабының 11-тармағын және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 511-512-тармақтарын бұза отырып, «КазЕвроСтрой» ЖШС «БҚО Бәйтерек ауданы Жаңатан ауылында су құбырын салу» жобасы бойынша 2022 жылғы 30 маусымдағы №40 мемлекеттік сатып алу шарттың 706,8 мың теңге сомаға орындалуын қамтамасыз ету қосымша енгізілмеген.

Бәйтерек ауданының құрылыс бөлімінде анықталған кейбір заңнаманы бұзу фактілері бойынша материалдар Батыс Қазақстан облысы бойынша Экономикалық тергеп-тексеру департаментіне жолданды.

2.3. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау (өңірлік және (немесе) елдік бөліністе): (болған жоқ).

III. Қорытынды бөлік.

3.1. Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар:

Аудит барысында атқарылған жұмыстардың жалпы сомасы 7 644,8 мың теңгені құрайды.

«Батыс Қазақстан облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы» ММ-не жасалмаған жұмыстарды қабылдаған техникалық қадағалаушылардың әкімшілік жауапкершілігін қарау үшін 5 – материал жолданды.

«Батыс Қазақстан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті» РММ-не бухгалтерлік есепте бұрмалаушылыққа жол бергені үшін және мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінбегені үшін әкімшілік жауапкершілігін қарауға 1 материал жолданды.

3.2. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша тұжырымдар:

Мемлекеттік аудит көрсеткіштері:

нәтижелілік – әрбір қызмет бойынша белгіленген міндеттердің іске асырылу деңгейі және тиісті қызметтің жоспарлы (тікелей, түпкілікті) және нақты нәтижелерінің арақатынасы.

тиімділік – жоспарланған және алынған нәтижелердің оларға қол жеткізу үшін пайдаланылған ресурстар ескерілгендегі арақатынасы.

мәнділік – жүргізілген мемлекеттік аудит мәселелері бойынша мемлекеттік аудит объектілерінің қызметінің нәтижелерінің және қаржылық-шаруашылық операцияларын орындауындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларының талаптарынан ауытқуы, сондай-ақ қабылданған шешімдерге әсер ететін басқа да бұзушылықтар мен ауытқулар маңыздылық деңгейі бөлінген бюджет қаражатының жалпы сомасының 5%-дан астам деңгейінде айқындалады.

Мемлекеттік аудитті жүргізу кезінде қолданылған көрсеткіштер бойынша мынадай қорытынды жасауға болады:

Аудиттелетін кезеңде БҚО аумағын дамыту бағдарламасының және облысты дамыту жоспарының нысаналы индикаторларына қол жеткізген.

Батыс Қазақстан облысының аумағында сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырушы орган ретінде Басқарманың қызметін аудиттелетін кезеңде нәтижелі деп санауға болады.

2022 жылы жоспарланған 14 бюджеттік бағдарламаның ішінде 176 іс – шара бойынша бюджет қаражаты көзделген, онда іс жүзінде 124 іс-шара орындалды және 52 іс-шара бойынша міндеттемелер орындалмады, яғни орындалмаған міндеттер 29,5% – құрайды.

2022 жылдың қорытындысы бойынша нәтижелілікті бағалау есебі: 124 орындалған іс-шаралар саны /176 бюджеттік бағдарламалар бойынша жоспарланған іс-шаралар саны *100%= 70,5% (жақсы).

2023 жылы жоспарланған 12 бюджеттік бағдарламаның ішінде 288 іс – шара бойынша бюджет қаражаты көзделген, онда 238 іс-шара орындалды және 50 іс-шара бойынша міндеттемелер орындалмады, яғни орындалмаған міндеттер 17,4% орындалмады.

2023 жылдың қорытындысы бойынша нәтижелілікті бағалау есебі: 238 орындалған іс-шаралар саны /288 бюджеттік бағдарламалар бойынша жоспарланған іс-шаралар саны *100%= 82,6% (жақсы).

Қаржылық және шаруашылық операцияларын жүргізу барысында Қазақстан Республикасының бюджеттік және басқа заңнамасының талаптары сақталмаған, нәтижесінде бюджеттік бағдарламаны қалыптастыру кезінде және қаражатты пайдалану кезінде бірқатар бұзушылықтарға жол берілген.

Жүргізілген аудиторлық іс-шараның нәтижесінде жалпы сомасы 31 852 952,1 мың теңге құрайтын бұзушылықтар анықталды, оның ішінде:

1) қаржылық бұзушылықтар – 14 077 240,0 мың теңге, оның ішінде:

- өтеуге (түсуге) – 92 064,7 мың теңге;

- қалпына келтіру – 13 985 175,3 мың теңге.

2) бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлау сомасы – 15 589 966,3 мың теңге.

3) бюджет қаражатын тиімсіз пайдалану сомасы – 2 185 745,8 мың теңге.

4) 14 бірлік мөлшеріндегі рәсімдік бұзушылықтар.

Жалпы мемлекеттік аудитпен қамтылатын кезең аралығында 6 мемлекеттік мекемеде аудиторлық іс-шара нәтижесінде барлығы 47 457 019,3 мың теңге қаржы тексерілген, аудит қорытындысымен Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарынан ауытқуы, яғни қаржы бұзушылығы 14 077 240,0 мың теңгені құрап отыр, яғни 29,6 % - яғни маңызды, өйткені белгіленген 5% мәнділік деңгейден жоғары.

Құрылыс басқармасында – 7 639 203,0 мың теңге қаржылық бұзушылықтар анықталды.

Орал қаласының құрылыс бөлімінде – 6 211 181,8 мың теңге қаржылық бұзушылықтар анықталды.

Берлі ауданының құрылыс бөлімінде – 25 396,9 мың теңге қаржылық бұзушылықтар анықталды.

Сырым ауданының құрылыс бөлімінде – 18 971,2 мың теңге қаржылық бұзушылықтар анықталды.

Ақжайық ауданының құрылыс бөлімінде – 32 481,3 мың теңге қаржылық бұзушылықтар анықталды.

Бәйтерек ауданының құрылыс бөлімінде – 150 005,8 мың теңге қаржылық бұзушылықтар анықталды.

Мемлекеттік аудит барысында құрылыс жұмыстарды тексеру және бақылау өлшемдері нәтижелері бойынша төмендегідей өрескел заңбұзушылықтар анықталды:

2022-2023 жж. Бәйтерек ауданының құрылыс бөлімі «БҚО Бәйтерек ауданы Жаңатан ауылында су құбырын салу» жұмыстарын орындау барысында «КазЕвроСтрой» ЖШС-не орындалмаған жұмыстар үшін 8 316,1 мың теңгеге негізсіз төлем жасаған, «БҚО Бәйтерек ауданы Красноармейское ауылында су құбырларын салу» жұмыстарын орындау барысында «Engineering and construction group» ЖШС-не орындалмаған жұмыстар үшін 76 926,7 мың теңгеге негізсіз төлем жасаған, «БҚО Бәйтерек ауданы Чеботарево ауылында су құбырларын салу» жұмыстарын орындау барысында «Engineering and construction group» ЖШС-не орындалмаған жұмыстар үшін 64 760,0 мың теңгеге негізсіз төлем жасаған.

Дәл осындай жағдай Орал қаласының құрылыс бөлімі «Орал қаласының солтүстік-шығыс бөлігін сумен жабдықтауға арналған көтергіш сорғы станциясын салу» жұмыстарын орындау барысында «Көлсай Строй» ЖШС-не орындалмаған жұмыстар үшін 3 108,2 мың теңгеге негізсіз төлем жасаған, аталған құрылыс объекті бойынша авторлық қадағалау қызметі үшін «Smartech» ЖШС-не 479,4 мың теңгеге негізсіз төлем жасаған, техникалық қадағалау қызметі үшін «Музтау» ЖШС-не 1 320,9 мың теңге, «Орал қаласы Самал-3 ш/а, Самал-2 ш/а, Самал, ш/а кәріз желілерінің құрылысы» жұмыстарын орындау барысында «Жайық Сити» ЖШС-не жұмыстарға ақы төлеу кезінде құны 70 000,0 мың теңгеге негізсіз төлем жасаған, Бөрлі ауданының құрылыс бөлімі «БҚО, Ақсай қаласындағы Қарашығанақ-1 ықшамауданында 9 қабатты көппәтерлі тұрғын үй салу (39 белгі, сыртқы инженерлік желілерсіз)» жұмыстарын орындау барысында «Жиенбай» ЖШС-не 12 647,7 мың теңгеге негізсіз төлем жасаған, Сырым ауданының құрылыс бөлімі «БҚО Сырым ауданы, Көгеріс ауылындағы су құбырының құрылысы» жұмыстарын орындау барысында «Life Stroy Invest» ЖШС-не 2 831,2 мың теңгеге негізсіз төлем жасаған.

Құрылыс басқармасы аяқталған және пайдалануға берілген құрылыс объектілері қабылдау актілері негізінде оларға кеткен шығындар толық сомада көрсетіліп, ұзақ мерзімді активтерді есепке алу шотына жалпы 7 630 708,1 мың теңге сомасы жатқызылмаған, Дәл осындай жағдай Орал қаласының құрылыс бөлімінде аяқталған және пайдалануға берілген құрылыс объектілері қабылдау актілері негізінде оларға кеткен шығындар толық сомада көрсетіліп, ұзақ мерзімді активтерді есепке алу шотына жалпы 6 134 066,9 мың теңге сомасы жатқызылмаған.

Бөрлі ауданының құрылыс бөлімі шарт сомасына 148,9 мың теңге қосымша құн салығын негізсіз қосылған, Орал қаласының құрылыс бөлімі орындаушы қосымша құн салығы бойынша есептен шығуына байланысты шарт 2 206,4 мың теңге сомасына азайтылмаған.

Бөрлі ауданының құрылыс бөлімінде және Ақжайық ауданының құрылыс бөлімінде жұмыс көлемінің жалпы сомасы 4 813,6 мың теңгеге орындалмау фактілері немесе тиісті түрде орындалмау фактілері анықталды.

Бөрлі ауданының құрылыс бөлімінде жоғарыда аталған бұзушылыққа қоса «БҚО, Бөрлі ауданы, Ақбұлақ ауылындағы бір қабатты бір пәтерлі 6 тұрғын үйдің құрылысы» нысаны бойынша «НазТур» ЖШС-гі 634,8 мың теңгеге жұмысы орындалмаған (аудит барысында қалпына келтірілген), «БҚО, Бөрлі ауданы, Пугачев ауылындағы бір қабатты бір пәтерлі 6 тұрғын үйдің құрылысы» нысаны бойынша «НазТур» ЖШС-гі 751,0 мың теңгеге жұмысы орындалмаған (аудит барысында қалпына келтірілген), Ақжайық ауданының құрылыс бөлімінде жоғарыда аталған бұзушылыққа қоса «БҚО, Ақжайық ауданы, Чапаево ауылындағы 3 қабатты 24 пәтерлік екі тұрғын үйдің құрылысы (түзету)» нысаны бойынша «BRAT.M» ЖШС-гі 3 427,8 мың теңгеге жұмыс орындалмаған (аудит барысында қалпына келтірілген).

Сырым ауданының құрылыс бөлімінде және Ақжайық ауданының құрылыс бөлімінде Мердігерлер (Өнім берушілер) сатып алынған жабдықтары және жасалған жұмысы жалпы сомасы 45 193,5 мың теңгеге тапсырыс берушімен бекітілген жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасына сәйкес келмейді.

Сырым ауданының құрылыс бөлімінде жоғарыда аталған бұзушылыққа қоса «БҚО Сырым ауданы, Көздікара ауылында су құбырының құрылысы» нысаны бойынша «АрАй-НС» ЖШС-гі 16 140,0 мың теңгеге жасалған жұмысы жобалық сметалық құжаттамаға сәйкес келмейді, Ақжайық ауданының құрылыс бөлімінде жоғарыда аталған бұзушылыққа қоса «БҚО, Ақжайық ауданы, Чапаев ауылының су құбырын реконструкциялау» нысаны бойынша «Таир» ЖШС-гі 29 053,5 мың теңгеге сатып алынған жабдықтары жобалық сметалық құжаттамаға сәйкес келмейді.

Бөрлі ауданының құрылыс бөлімі «Теплоэнергострой» ЖШС-нің келісім шартпен (2024 жылға іс-әрекеті тоқтаған) қалыптасқан дебиторлық берешегі 11 214,5 мың теңге бюджет кірісіне өндірілмеген.

Құрылыс басқармасы 7 055,0 мың теңгеге 2022 жылдан материалдық емес активтер орнатылмаған және мақсатына сай пайдаланылмаған, яғни активтерді тиімсіз пайдалану болып табылады, 2022-2023 жж. пайдалануға қабылданған объектілер, пайдаланушы ұйымдарға берілмеген жалпы сомасы 7 630 708,1 мың теңгеге мемлекеттік меншікті тиімсіз басқару болып табылады, Орал қаласының құрылыс бөлімі 2023 ж. пайдалануға қабылданған объектілер, пайдаланушы ұйымдарға берілмеген жалпы сомасы 6 134 066,9 мың теңгеге мемлекеттік меншікті тиімсіз басқару болып табылады.

Сырым ауданының құрылыс бөлімі «БҚО, Сырым ауданы Алғабас, Қарағанда ауылындағы су құбыры құрылысы» нысаны бойынша 172 617,1 мың

теңге қаржыландырудың жеке жоспарларына сәйкес қабылданған мемлекеттік мекеменің міндеттері толығымен орындалмаған және белгіленген мерзімде (жылдарда) қаралған тікелей және түпкілікті нәтижелерге қол жеткізбеген, **Ақжайық ауданының құрылыс бөлімі** «БҚО Ақжайық ауданы Тінәлі ауылына су құбырының құрылысы», «БҚО, Ақжайық ауданы Бударин ауылындағы мәдениет үйі ғимаратын қайта жаңарту» және «БҚО, Ақжайық ауданы, Ақсуат кентіндегі ауылдық мәдениет үйі ғимаратын қайта жаңарту» нысандары бойынша **139 954,5 мың теңгеге** қаржыландырудың жеке жоспарларына сәйкес қабылданған мемлекеттік мекеменің міндеттері толығымен орындалмаған және сол жылдарға қаралған тікелей нәтижелерге қол жеткізбеген, **Бөрлі ауданының құрылыс бөлімі** «БҚО, Бөрі ауданы, Ақсай қ. 4 автокөлікке арналған өрт сөндіру депосының құрылысы», «БҚО, Бөрлі ауданы, Ақсай қаласы, 10-ықшам аудандағы 9 қабатты көп пәтерлі тұрғын үйге қазандық орната отырып, үй маңы аумағын салу және абаттандыру (39-белгі)» және «БҚО, Ақсай қаласындағы Қарашығанақ-1 ықшамауданында 9 қабатты көппәтерлі тұрғын үй салу (39 белгі, сыртқы инженерлік желілерсіз)» нысандары бойынша **167 979,4 мың теңгеге** қаржыландырудың жеке жоспарларына сәйкес қабылданған мемлекеттік мекеменің міндеттері толығымен орындалмаған және сол жылдарға қаралған тікелей нәтижелерге қол жеткізбеген, **Бәйтерек ауданының құрылыс бөлімі** Жаңатан, Красноармейское, Чеботарево және Январцево ауылдарының тұрғындарын ауыз сумен қамтамасыз ету бөлігінде сумен жабдықтау желілерін пайдалануға беру және халықтың өмір сүру сапасын арттыру бойынша **1 076 715,3 мың теңге** сомасына тікелей және түпкілікті нәтижелерге қол жеткізбеген.

Орал қаласының құрылыс бөлімі «БҚО, Орал қ. Орал-Атырау, Орал-Саратов трассалары арасындағы көпқабатты құрылыстың 26-белгі, 27-белгі инженерлік желілерін жеткізу және абаттандыру» жобасы аяқталмаған болып табылады, осы жобаны іске асыруға 2023-2024 жылдар кезеңінде жыл сайын **182 136,0 мың теңге** сомасында бюджет қаражаты бөлініп игерілмеген, «Орал қаласы Самал-3 ш/а, Самал-2 ш/а, Самал, ш/а кәріз желілерінің құрылысы» жобаны әзірлеу және оны іске асыру бойынша **78 734,0 мың теңге** сомасына бюджет қаражатын тиімсіз пайдаланды.

Құрылыс басқармасы «БҚО, Бәйтерек ауданында инфрақұрылым салу және тұрғын үйлерді абаттандыру» жобаларын іске асыру бойынша шығыстарды жалпы сомасы **437 952 мың теңгеге** тиімсіз жоспарланған, 2023 жылы бөлінген бюджет қаражатына жалпы сомасы **540 419,0 мың теңге** шығыстар қажеттілігіне негіздеме жоқ, өйткені бюджеттік өтінімге қоса берілген жобалар 2021-2022 жылдары пайдалануға берілген болатын сол себептен **540 419,0 мың теңге** тиімсіз жоспарланған, **Орал қаласының құрылыс бөлімі** «БҚО, Орал қаласындағы №42 белгі көппәтерлі тұрғын үй құрылысы» (сыртқы инженерлік желілерсіз және абаттандырусыз) нысаны бойынша сметалық құжаттамаға түзету жүргізіліп, жобаның құнын ұлғайтуды қарау жөніндегі тиісті бюджеттік комиссияның қорытындысыз жоба **1 172 767,3 мың теңгеге** ұлғайтылып тиімсіз жоспарлауға алып келген, **Ақжайық ауданының құрылыс бөлімі** саманнан салынған

қабырғалардың құлауына байланысты «БҚО Ақжайық ауданы, Ақсуат кентіндегі ауылдық мәдениет үйі ғимаратын қайта жаңарту» нысаны жобасының жұмысын орындау мүмкіндігі болмаған, бұл одан әрі бюджет қаражатын 95 678,8 мың теңгеге тиімсіз жоспарлауға және ҚР Ұлттық қорынан қаражатты негізсіз бөлуге алып келген, Сырым ауданының құрылыс бөлімі «БҚО Сырым ауданының Алғабас және Қарағанды ауылдырындағы су құбырының құрылысы» нысаны жұмысының жобалық сметалық құжаттамасы негізсіз 45 371,0 мың теңгеге артық көрсетілген, бұл одан әрі бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлауға және ҚР Ұлттық қорынан қаражатты негізсіз бөлуге алып келген, Орал қаласының құрылыс бөлімі 112 533,7 мың теңгеге «Орал қаласы Самал-3 ш/а, Самал-2 ш/а, Самал, ш/а кәріз желілерінің құрылысы» жобасын бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлаған.

Аудиторлық іс-шараның нәтижесінде анықталған бұзушылықтарға алып келген себептер, ол мекеме басшыларының ұйымдастырушылық қабілетінің жоқтығы немесе тиісті деңгейінде болмауы, мамандардың біліктілігі төмендігі немесе олардың ұқыпсыздығы.

Аталған себептер жиынтықта немесе әр-бір себеп жеке, аталған бұзушылықтарға алып келуіне себеп болады.

3.3. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша ұсынымдар мен тапсырмалар:

1. Батыс Қазақстан облысы бойынша тексеру комиссиясының отырысында Батыс Қазақстан облысының Құрылыс басқармасы қызметінің тиімділігіне жүргізілген мемлекеттік аудиторлық іс-шара нәтижелері бойынша материалдарды қарау.

2. Мемлекеттік аудит объектілері тарапынан аудит барысында және Тексеру комиссиясының отырысына дейін 7 644,8 мың теңгенің қалпына келтірілгендігі ескерілсін.

3.4. Қосымша: Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің жиынтық тізілімі, мемлекеттік аудит объектілері қалпына келтірген және өтеген қаражат жөніндегі ақпарат 5 парақта тіркелді.

Тексеру комиссиясының мүшесі



Қ.Ғ. Жапақов

Талдау, сапаны бақылау және құқықтық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы



А.К. Сибатова

Аудит тобының жетекшісі
мемлекеттік аудитор



Э.А. Амантаев

Аудиторлық іс-шараны өткізген
мемлекеттік аудиторлар



К.С. Колякова



Д.Р. Рамазанов